

Е.С. Аяған, В.А. Оспанова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: ayagan69@mail.ru)

### «Жәңгір училищесі» — жалпы орта білімді беретін сыныптық мектеп

Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысында алғаш рет Қазақстан жерінде, оның ішінде Бөкей Ордасында Жәңгір хан тұңғыш 2-сыныптық қазақ-орыс мектебін ашып, осы мектеп мазмұнында жартылыстану және гуманитарлық пәндер оқытылғаны қарастырылып сипатталған. Ресей оқу орындарында оқуын жалғастыруына жағдай жасалғаны туралы Жәңгір ханның білім беру саясаты кеңінен ашылып сөз болды. Мектептегі оқу үрдісінде оқыта отырып, тәрбиелеу жүзеге асырылып, оқушыларға тәрбие процесі діни тәрбие негізінде берілгені көрсетілген. Жәңгір ханның бұл алғашқы сыныптық мектебі оқу базасы мен білім бағдарламасы терендетіліп оқытылғанда патшалық Ресейдің қазақтарға бағытталған білім беру саясатының көмегімен 2-сыныптық қазақ-орыс мектебін «Жәңгір хан училищесіне» айналдырғанына кеңінен талдау жасалды. Сол себепті Бөкей Ордасы бойынша орталық сыныптық мектеп екендігі туралы көптеген мұрағаттық материалдар мен деректер зерттелген. Осы сыныптық мектепте білім алып, бітірген түлектер патшалық Ресейдің арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқығаны туралы сипаттамалар берілген. Әрбір пайдаланылған архивтік деректер мен мұражайдан алынған тарихи материалдар ғылыми тұрғыда талданды. Бұл алғашқы сыныптық мектеп «Жәңгір училищесіне» айналған кәсіби білім берілген. Оған қоса сыныптық мектепте тәрбие мазмұны ислам мәдениетінің негізінде діни-имандық тәрбие сынып сабағы ретінде жүргізіліп, оқушыларға діни, адамгершілік тәрбие берілгені қарастырылып, тарихи-мәліметтер сипатталған.

*Кілт сөздер:* Қазақстан, Бөкей Ордасы, Жәңгір хан, оқыту, оқу, тәрбие, оқу орындары, қазақ этносы, сыныптық мектеп, білім беру, училище.

«XIX ғасырдың басында Бөкей ордасында хандық ставкада бірінші рет Қазақстанда 1841жылы қазақ-орыс мектебі орыс тілінде оқытылды. Бұл сыныптық мектеп кейіннен орталық мектепке айналды» [1; 15-64]. XIX ғ. бірінші жартысындағы орыс-қазақ мектебі оқушыларға қазіргі жалпы орта білімді толық беріп, әсіресе жаратылыстану және т.б. ғылымдары туралы білімдерді толығырақ берген. Бірақ мұндай кемшіліктерге қарамай, бұл бірінші қазақ мектебі қазақ халқы үшін жоғарғы дәрежеде прогрессивті маңызы ерекше болып, оған қоса орыс-қазақ халқын және қоғамдық өмірін жақындастыруға түрткі болып, әсіресе бұл білім беру жүйесі XIX ғ. екінші жартысындағы және XX ғ. басындағы халыққа білім берудің дамуына негіз болып, өз әсерін тигізді [2; 15-64]. XIX ғ. II-жартысында қазақ даласында орыс-қазақ мектебінің жүйесі құрылып және маман кадрлармен қамтамасыз етілген. Ең бастысы, мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік әдебиеттер құрастырылып, осындай мүмкіншілік негізінде бірінші рет қазақ балаларына ана тілінде сауаттылық ашуға және орыс тілінде жалпы орта білімді және оқытуды жүзеге асыруға мүмкіншілік туды. Хандық ставкадағы 1841 ж. тұңғыш қазақ мектебінде орыс және қазақ тілінде оқыту процесі жүргізілгенімен, орыс балалары және т.б. ұлттардың балалары оқыған жоқ. Тек қазақ балалары орыс тілінде оқыған. Орысша оқу себебі мынадан: Жәңгір хан патшалық Ресейге тәуелді бола отырып, орыс тіліндегі сыныпта оқытып, қазақ балаларын оқу орындарында оқыту үшін арнайы хаттар арқылы көптеген өтініштер жасаған. Ал Жәңгір хан тұсында орысша оқыған қазақ балалары, керісінше, ұлттық діни, имандылық тәрбиені қазақ балаларының бойына сіңіре білген. Сондықтан Жәңгір хан кезінде орысша оқыған қазақ балалары ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, тілді, дінді сақтай білді, жоғалтқан жоқ. Ең маңыздысы, Қазақстан жеріндегі тұңғыш сыныптық мектеп және еуропалық білімге негізделген ұлттық білімнің негізі салынып, осы сыныптың мектептің негізінде Қазақстанның барлық жерлерінде жаңа білімнің дамуына ықпал етті. Жәңгір хан орталық мектепті училище етіп қайта құрып, «Жәңгір училищесі» деп атаған. Жәңгір ханның мектепті училищеге айналдырудағы мақсаты хандық ставкада орта білім мен қоса кәсіби маман болып шығатын училище етіп құрған. Сондықтан «Жәңгір училищесі» кейіннен училищенің толық мәртебесін алып, жоғары деңгейдегі оқу орны болған. Жәңгір хан университет ашуды ойластырғанымен, үлгермей кеткен. Бұл қазақ-орыс мектебі негізгі қалыптасуының нәтижесінде сыныптық-сабақтық жүйе алғаш рет Қазақстан территориясында таралып, қалыптасты. Бұл жаңа сыныптық-сабақтық жүйенің еуропалық үлгісін ұлттық ерекшелікке негіздеген, жаңаша реформалаған Жәңгір хан болатын. Жалпы Қазақстан білім саласының негізін

салып, оны одан әрі дамытуға ықпал етіп, жаңа еуропалық білімге негіздеп жүйелі ұлттық білім жүйесінің негізі қаланды. Жәңгір хан осы білімнің нәтижесінде қазақ қоғамын жаңаша құрудың бағытын көрсетті. Ағартушылық салаларында қарым-қатынастар және ынтымақтастық байланыстар орнады. Оның өзі Бөкей Ордасында Жәңгір ханның басшылығымен жүзеге асты. Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның білім реформасының нәтижесінде белгілі педагог-мамандар патшалық Ресейден шақырылған болатын. Ондағы мақсаты Жәңгір Ресейдің мектептеріндегі талаптарды Ордадағы мектептерге қойып, оқу-тәрбие сабақтарының сапасын жақсартуға тырысқан. Мектептегі білім сапасын көтеруді басты мақсат қылған. Мектептегі тәртіпті қазақтың ұлттық тәрбиесіне негіздеп, ұлттық ерекшелікті мықтап ұстанған болатын. Қазақ ата-аналарына оқу тәрбиенің қажет екенін, қазақ балаларының білімділігін арттыруды және қазақ қоғамына жаңа өркениетті оқу-тәрбие арқылы меңгеру керек екенін жақсылап түсіндірген.

Мектептегі оқу сапасын, білімін тереңдету үшін қазақ балаларын оқу базасымен жоғарғы дәрежеде қамтамасыз еткен. Оқушылар қосымша дайындалу және білімін арттыру үшін ақпарат құралдарымен және мерзімді басылымдармен мектеп кітапханасын қамтамасыз етіп, оқушылар білімін арттыру үшін оқу базасын жақсартып, кеңсе заттар мен оқу құралмен қосымша әдебиеттерді алдырып, өз көмегін аямаған. Ғасырларға созылған отарлау езгісіне қарамастан, бұл өңір халқының еуропалық ілім-біліммен сусындауда қолдары жеткен берекесі жеке-дара тоқталуға тұрарлық тарихи факт. Бұл жөнінен Жәңгір ханның өзі атсалысуымен 1841 ж. желтоқсанның алтыншы жұлдызында ашылған орыс-қазақ орда мектебінің орны ерекше. Бастапқыда «балаларымызды орысша оқыту кесірлікке киліктіреді» деп қауіптенгендерді иландыру үшін хан өз отбасынан бірінші шәкіртті отырғызады [3; 14, 15]. Жинақталған бай кітапханасын қазақ топырағында тұңғыш ашылған оқу орнына тарту еткен. Мектепке арнайы үй салдырып, оқулықтар алдырып, қамқорлығын аямаған. Мектептегі оқу сапасын, тәртіп, тәрбие жайын үнемі бақылап, емтихан қабылдауға өзі қатысқан. Озат оқушыларды күміс ақшамен марапаттауды да ұмытпаған.

Хан еңбегі еш кетпей мектеп қабырғасы құтты болып, білім алған шәкірттердің басым көпшілігі Орынбар, Омбы, Петербор, Москва, Қазан, Уфа, Саратов қалаларындағы жоғары, орта оқу орындарын бітіріп, бірқатары Орда өңіріне оралса, қайсыбірі Кавказ, Ресей аймағына, Балтық бойында қызмет етеді. 1861–1871 жж. орталық басылымдарда өз ұлтының ілімге, білімге құштарлығы жайлы көп еңбектер жазады. Жәңгір мектебінің зор маңызы, хандықтағы әрбір ауқатты және ықпалды адамдардың үйден оқытатын мектептері ашылып, олардың әрқайсысы 70 (жетпіске) дейін шәкірт ұстағаны жөнінде мақтаншпен жазды [4; 15].

Қазақ тарихында Жәңгір алғашқы болып еуропалық білімге көңіл бөлді, прогрессивті қадамдар жасады. Осы білім жаңа өркениетке жол бастайтынын жақсы түсініп, еуропалық білім жүйесін жүйелі түрде енгізген болатын. Сөйтіп, Жәңгір өзі бірінші үлгі-өнеге болып, өз балаларын мектепке оқуға берген. Қазақ балаларына болашақта еуропалық білім жүйесі өте керек екенін дәлелдеп көрсеткен. Сондықтан бұл мектептегі оқу-тәрбие процесінен қорқудың ешқандай мәнісі жоқ екенін көрсеткен. Әсіресе еуропалық білім стандартына сәйкес пәндерді оқытынын, ал тәрбиеде мұсылмандық имандылық тәрбие мен қазақтың ұлттық мәдениетіне негіздеген жаңа сыныптық жүйеде оқытынын айта келіп, ешқандай кәпірлікке жол бермейтінін Жәңгір хан атап көрсеткен [5; 15-64]. Бұл алғашқы мектептің оқу базасын жақсарту үшін өз еркімен, бай кітапханасын мектепке беруі — ұлы ісінің бірі. Мектептің жаңа еуропалық үлгіде екенін аңғартатының Жәңгір хан мектепке арнап, ғимарат салдырған. Мектептегі оқу процесінің деңгейін көтеру үшін оқулықтармен, оқушылар қосымша дайындалу үшін кітапханамен қамтамасыз еткен. Мектепте болып жатқан оқу-тәрбие сабақтарын, іс-шараларын өзі қадағалап отырған. Жәңгір мектептің директорының қызметін толығымен атқарған. Сондықтан білім, сапасын көтеру үшін билікті кәсіби педагог-мамандар шақыруды қолға алған. Осы мектепте қазақ балаларын тәрбиелеу ұлттық тәрбие жүйесінің негізінде жүргізілген. Өйткені мұсылмандық ілім мен имандылық тәрбие негізінде ұлттық тәрбие жүйесі жасалынды. Мектепте діни имандылық тәрбие сабағы тәрбие жоспары арқылы жүзеге асырылып, әртүрлі тәрбие шаралар өткізіліп тұратын [6; 15-64]. Осының нәтижесіне озат оқушылар анықталып оқушылар мектеп бітіргенде кез келгені орта және жоғары оқу орындарына жолдама ала бермеген. Мектеп бітіргенде оқушылар қабылдау комиссиясының алдында емтихан тапсыратын. Қабылдау комиссияның төрағасы Жәңгір хан болатын. Осы комиссияның шешімі бойынша арнаулы орта және жоғары оқу орындарына озат оқушылар жолдама алатын.

Жәңгір хан ашқан сыныптық мектептің маңызын С.Қ.Бабажанов көрсете отырып, ондағы білім мен тәрбиенің деңгейін жоғары бағалайды, оқыту процесі жоғары дәрежеде екенін айтады. Осы

мектептің ықпалымен көптеген беделді адамдар үйден оқытатын мектептер ашты. Бұл мектептердің ашылуына Жәңгір хан түрткі болды. Жәңгір Бөкей Ордасындағы барлық рубасыларын және ықпалды адамдарды жинап алып, олардың өздерінің ауылдарынан мектептер ашуын міндеттеген. Осының нәтижесінде үйден оқытатын мектептер ашылып, жас ұрпаққа ұлттық оқу-тәрбие берген. Бірте-бірте тұрақты арнайы мектеп ғимаратын салғанша, үйде оқытатын мектептер болған. Жәңгір ханның бұл шарасы мектеп ашу мәселелерін тезірек шешудің бір жолы деп есептеген. Жәңгір бұл саясатынан бүкіл Бөкей Ордасында жаңа мектептер ашуға тырысқан нақты бағытын көреміз. Рас, ағарту ісі тұрғысынан алғанда, әжептәуір бұлқыныстар байқалды. Оған Шығыс пен батыстық, Ресей мәдениетін меңгерген Жәңгір ханның тәлім-тәрбиесі бастау болды. Бөкей хандығының Ресей мемлекетінің ішкерісінде болуы әрі отырықшы орыс т.б. халықтармен тығыз араласуы ағарту мен мәдениеттің өркендеп, дамуына ұйқыдан ояну дүр сілкіну, Батыс Еуропа мемлекетіндегі өзгерістер әсері іспетті құбылыстар болып жатты. Оқу орындары көптеп салынып ел сауаттылыққа бет бұрды. Міне осындай жағдайлардан Бөкей Ордасы да шет қала алмады. Оның үстіне патшалық өкімет қазақтардан орысша білім алған мамандар даярлап, оларды өз саясатын нығайтуға пайдалану жолдарын да қарастыра бастады.

Жәңгір хан сауаттандыруды жүргізуде екі мақсат ұстанды. Орысша білімді тек ауқатты байлар мен сұлтандардың балаларының ғана алуын жақтады. Өйткені олар ертең Ресей өкіметінің қызметшісі болады деп санады. Ал қарапайым халыққа ислам дінін жете ендіріп, балаларына бастауыш білім беру көзделді. Сол үшін мешіттер жанынан бастауыш мектептер жұмыс істеді. Онда сабақты молдалар жүргізді. Осындай саясат арқасында Жәңгір қалың халық арасына исламды таратты. Ислам діні арқылы көпшілікті мығым ұстап тұру шараларын қарастырады [7; 93]. Ішкі Бөкей Ордасында жас қырғыз (қазақтарға) білім беру үшін оқу орны екі бағытта болған: а) училище б) жаңа бағыттағы мұсылман мектебі мен медресе деп аталған [8; 106]. Ол кезде училище – орта білім беретін оқу орны, ал мешіт жанындағы жаңа үлгідегі мұсылман мектептері мен медреселері – бастапқы бастауыштық білімді толық берген. Оқуын жалғастырғысы келетін жаңа үлгідегі мұсылман мектептерінен кейін «Жәңгір училищесінде» оқуын жалғастыратын. Жәңгір мектебінің ерекшелігі – онда тек байлардың балалары емес, қарапайым қазақтардың да балалары оқыған. Бұл мектепте 23 бала оқыған, олардың барлығы қарапайым қазақтардың балалары. Оқу орнында тек байлардың немесе сұлтандардың балалары ғана оқыды деген тарихи объективті шындыққа сәйкес келмейді. Жәңгір кедей адамдар мен қарапайым қазақтардың балалары оқу-тәрбие алып, кез келген білім алуға толық құқығы болып, өзі қалаған оқу орнында оқуға Жәңгір хан түгел мүмкіншіліктерді жасап, қазақ балалары тегін оқыған. Бастауыш қазақ-орыс мектебі, – деп И.Я.Гармс көрсеткенімен, «Жәңгір училищесі» – сол кезге лайық орта білімді толық берген. Оған қоса Ордаға келіп оқитын қарапайым қазақ балаларына арналған пансионат болған [9; 206]. Мектеп оқушыларды тізімдеу кезінде сыңаржақ пікір қайшылығы болмай қаптаған. Білімге жүгіну төре мен қожаның тұқымына жарасқанмен, қара сирақ қазаққа жараса ма? Оқу шіркін де оқығанның бәріне емес, зерделісіне таңдап-таңдап қонатын шығар. Бірақ мектеп талапты жастың бәріне бірдей ортақ деп хан сынбаған және мектептегі оқу сапасын тәртіп, тәрбие жайын үнемі бақылап, жөн сілтеп отырған [10].

Бөкей Ордасында ағартушылық саясатын Жәңгір хан Шығыс пен Батыстың өркениеттің жақсы жақтарын, оның ішінде ағартушының салаларының нәтижелі тәжірибелеріне сүйеніп, жаңа еуропалық білім жүйесіне негіздеп ұлттық білім жүйесін Бөкей Ордасына қалыптастырған болатын. Бұл мектепті Ресейдің оқу орындарына және әкімшілік органдарына жұмыс істейтін мамандар даярлауға бағытталған бастауыш пен жалпы орта білім беретін мектептерді қазақ жерінде ашуды көздегендегі мақсаты патшалық Ресейдің орыстық мәдениет пен білім беруді ойлаған жоқ. Патша өкіметіне қызмет ету үшін емес, Еуропада педагогика ғылымы өркендеп, білім жүйесі дамып, өз нәтижесін беріп жатқанын Жәңгір хан өте жақсы білген.

Бірақ мешіт жанындағы мұсылман мектептері жаңа тенденцияда (үлгіде) қайта құрылып, қатар өмір сүре берген. Жәңгір жаңа білім реформасын енгізгенімен, жаңа үлгідегі мұсылман мектептерін қиратпай, қазақ балаларына ұлттық оқу-тәрбие беруін жалғастырған [11; 94]. Сондықтан мұсылман мектептеріндегі бастауыштық білім алып, ал жаңа еуропалық білім үлгісіне негізделген 2 сыныптық Жәңгір училищесінен орта білімді толық алған. Осы сыныптық жүйені патшалық Ресейдің көмегінсіз мүмкін емес екенін түсінгендіктен, Ресейдің оқу орындарынан ғалымдармен оқытушыларды, кәсіби педагогтарды шақыртқан. Бөкей Ордасындағы сыныптық жүйедегі білім сапасын арттыру үшін кәсіби мамандарды және білікті, тәжірибелі педагогтарды, мектептерге қызметке шақыртып әлеуметтік жағдайлар жасап, білім деңгейін көтерген [12; 94]. Ислам мәдениетіне сүйеніп, ұлттық

тәрбие жүйесін жасап, Бөкей Ордасындағы мектептерге енгізген болатын. Сондықтан Жәңгір хан Ресейдің ықпалымен немесе міндеттеуімен жаңа сыныптық-сабақтық жүйені дамытты деуге болмайды. Өйткені Жәңгір хан болашақты қазақ халқына және келешекте қазақ қоғамының дамуына зор маңызы бар екенін тереңірек түсінген. Әр қазақ балаларын сыныптық-сабақтық мектепте оқыту үшін бүкіл Бөкей Ордасында ашуды мақсат етіп, дамытқан. Сондықтан бұл Жәңгірдің бастамасы болғандықтан, патша өкіметінің бастамасы деуге болмайды.

Міне, қазақ қоғамының рухани тұрғыдан оянуына осы мектептің ролі өте үлкен болды. Оны бітіргендердің біразы әскери училищелерде оқуын жалғастыраған [13; 94]. Ұлттық мектепке негіздеп ұлттық оқу базасымен қамтамасыз еткен. Осы жаңа мектеп қазақ халқын рухани жағынан дүр сілкендіріп, білім саласын өркендеткен. Жәңгір үйіндегі бай кітапхананы мектептің кітапханасына берген. Жәңгір дүниеден өткеннен кейін Астрахан губернаторы генерал-майор Ладыженский ханның кітаптарын тізімдеткізгенде, мынадай кітаптарды хаттамалап алған: 1) шығыс тіліндегі түрлі мазмұндағы 212 кітап; 2) орыс тіліндегі 35 кітап; 3) Петр I тарихының төрт томы; 4) Энциклопедиялық лексиконның он бес томы; 5) «Заңдар» жинағының он алты томы; 6) Ресей империясының 1829 және 1841 жылдардағы екі атласы. Ойлап қарасаңыз, кезінде Жәңгірдің осы басылымдар арқылы олардың авторларының озық ойларынан хабардар болғаны көрінеді. Шынын айтсақ, сауаттылыққа бет бұрмай, білім алмайынша, халықтың мүддесін қорғаудың мүмкін еместігін бірінші болып ұққан хан Жәңгір еді [14; 118]. Бұл кітаптар мектептегі сабақтың терең сапалы өтуіне септігін тигізген. Оқушыларға әр пәндерге бойынша мына әдебиеттерден қосымша тапсырмаларды мұғалімдер беретін болған. Бұл берілген тапсырмаларды оқушылар осы әдебиеттерден қосымша тапсырма ретінде орындаған. Жәңгір өзінің кітапханасын білім ордасына көшіріп, оны қазақтың болашағы, келешек Қазақстанның жас ұрпағы үшін барлық жағдайларды жасап, оқушылар сапалы білім алу үшін оқу базасын тереңірек нығайтқан.

Аса бір назар аударатын жағдай — ханның бұл мектепті өзі қаржыландырып, өз есебінен ұстауы. Әрине, қараңғы халықты бұл игілікті бастамаға жетелеу ханға оңай болған жоқ. Алғашында көптеген адамдар балаларын оқытуға қарсылық білдіріп, тіпті, ханның жүргізген үгітіне де көнбей қойды. Сондықтан хан, алдымен, белгілі адамдар мен өз туыстарының балаларын ғана оқуға беруге көндірді. Кейінен жергілікті халықтың оқуға қызығушылығының өскені соншалық, бұдан кейін осы өлкеде «Жәңгір мектебінің» негізінде жеті мектеп ашылды. Хан бұл мектепті бітірген қазақ балаларын Петербор, Орынбор, Астрахан қалаларына жіберіп оқытқан [15; 118]. Осы мектептің есігін тұңғыш ашқан көп шәкірттің бірі және қазаққа біткен бір тума дара тұлға Мұхамет Салық Бабажанов өзінің 1861 ж. Санкт-Петербургтен шыққан «Қырғыздың қырғыз туралы жазбалары» деген кітапшасында былай деп жазады: «Ханның ықпалынан және жаңашырлығымен Ордадағылар білімнің қажеттілігін сезіне бастады [16; 94]. Шәкірттер мен мұғалімдерді ынталандыру үшін марқұм хан ақшасында, өзінің ынтасы мен ордалықтарға оқу-білімнің пайдасы жөнінде, түсіндірмек болған ұмтылысында аямады. Өзінің сарайында мектепте 60 адам Мұхамет діні, орыс жазуы мен тілі жөнінде және басқа да жаратылыстану ғылымдар бойынша дәріс алды. Бұл мектеп сарай маңында осы күнге дейін «Жәңгір мектебі» деп аталып келеді. Ондағы 30 бала Орданың шаруашылық қаржысы есебінен білім алуда дейді» [17; 118]. Жәңгір мүмкін орыс мектептеріне шақырған жоқ, керісінше, орыс мектептерінің деңгейіне жету керек екенін айтқан. Сондықтан орыс мектептерінің үлгісінде жасалған Жәңгір мектебіне балаларын беруді өтінген. Бұл мектептің қазіргі заманға дейін өмір сүруі объективті шындық, Қазақ тарихында еуропалық үлгідегі білім тарихы және қазіргі Қазақстан Республикасының қазақ мектебінің тарихы Жәңгір ашқан мектептен басталуы керек.

Зерттеулерді қорыта келе, төмендегі зерттеу нәтижелерімен тұжырымдар жасауға болады:

1. Жаңа еуропалық үлгідегі қазақтың ұлттық тұңғыш сыныптық мектебінің тарихи маңызы талданды.

2. Педагогика және білім тарихы саласында қазақ қоғамындағы Жәңгір хан жасаған рухани құндылықты саясатқа бұрмалап дұрыс баға бермей келген тарихи үрдістерге ғылыми тұжырым жасалды.

3. Алғаш рет Қазақстан территориясында мұсылмандық білім саласын қайта құрып, жаңаша ұйымдастырып, ұлттық оқу-тәрбие ісінің негізін жасап қалыптастырған. Осының нәтижесінде ұлттық мәдениетке және ислам мәдениетіне негізделген ұлттық тәрбие жүйесін жасаған Жәңгір хан екені тарихи баға беріліп, дәлелденді.

4. Ислам мәдениетіне негізделген ұлттық тәрбие жүйесіне сүйеніп, ұлттық идеологияны Бөкей Ордасында Жәңгір хан жүзеге асырған. Ұлттық идеологияны мемлекеттік деңгейде жас ұрпақ

бойында қалыптастырып, қазақ халқына тарататын Ордадағы хандық әкімшілікте арнайы ахундық орган құрылып, қызмет істегені тұжырымдалды.

5. Жәңгір хан еуропалық жаңа үлгіде ұлттық білім жүйесін жаңаша реформалау барысында жаңа өркениетті қалыптастырған. Осының нәтижесінде қазақ жерінде сыныптық жүйе орын алды. Жәңгір ханның ұлы реформаторлығын, ұлы педагог, ағартушы, ойшыл, дипломат, философ, жаңа білімнің негізін салушы, діни қызметкер және ғалым деп бүкіл қазақ танитындай ғылыми талдау жасалды.

6. Педагогиканың ғылымының негізін салушы Я.А. Коменскийдің сыныптық-сабақ жүйесін алғаш рет Қазақстанда, оның ішінде Бөкей Ордасында, Жәңгір хан 1838 немесе 1841 ж. 2-сыныптық мектеп ашқандығы дәлелденді. Бұл идея барлық Қазақстанға тарап дамығаны тұжырымдалды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 РГИА. — Ф. 1291. — Оп.1. — Д.5. — Л. 85-86 об.
- 2 Оренбургский обл. архив. — Ф.6. — Оп.1. — Д.1286. — Л.7.
- 3 Оренбургский обл. архив. — Ф.6. — Оп.1. — Д.1286. — Л.7.
- 4 Оренбургский обл. архив. — Ф.6. — Оп.1. — Д.2800. — Л. 1, 2.
- 5 История Букеевского ханства (1801-1852 гг.): сб. документов и материалов. — Алматы: Дана-Пресс, 2002. — С. 8, 9.
- 6 КРОМА. — 78-қ. — 153-іс. — 10–12-пп.
- 7 ҚР ОМА. — 4-қ. — 391-іс. — 66-п.
- 8 ҚР ОМА. — 78-қ. — 94-іс. — 22–24-пп.
- 9 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство / С.З.Зиманов. — Алматы: Наука, 1982. — С. 121–127.
- 10 Артыкбаев Ж.О. История Казахстана в XIX веке / Ж.О.Артыкбаев. — Карағанды: ҚарМУ баспасы, 1992. — С. 105.
- 11 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в XVIII веке / С.З. Зиманов. — Алматы: Академиздат, 1960. — С. 61, 62.
- 12 Свод законов России. — Т. 15. — СПб., 1842. — С.179 (РГИА, ф. 12.91, оп. 81, д. 71, л. 37).
- 13 Халфин Н.А. Россия и ханство Средней Азии / Н.А. Халфин. — М.: Наука, 1974. — С. 10.
- 14 Ханьков Я.В. Очерки состояния внутренней Киргизской орды в 1841 г. / Я.В. Ханьков // Записи РПО. — СПб., 1847. — С. 55–56.
- 15 ҚР ОМА. — 75-қ. — 10-іс. — 29-п.
- 16 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / А.И. Левшин; под ред. М.К.Қозыбаева. — Алматы, 1996. — С. 234.
- 17 Островский Э. Поездка во Внутреннюю Киргиз-Кайсацкую орду с ветеринарной целью / Э. Островский // МВО. — 1859. — № 5. — С. 76.

Е.С. Аяған, В.А. Оспанова

#### «Училище Жангира» — средняя общеобразовательная школа

В первой половине XIX в. в Казахстане впервые в Бөкейской Орде Жангир ханом были открыты казахско-русские двухлетние школы, о чем свидетельствуют архивные и музейные материалы, научно проанализированные авторами. В статье раскрыто содержание обучения гуманитарным и естественным предметам в таких школах, с учетом религиозного воспитания, изучения исламской культуры. В казахско-русских двухлетних школах были внедрены углубленные образовательные программы. Позднее в царской России такие школы были переименованы в «Училище Жангира». В них в дальнейшем осуществлялось профессиональное образование. Выпускники данных общеобразовательных классов имели возможность продолжать своё обучение в образовательных учебных заведениях царской России.

*Ключевые слова:* Казахстан, Бөкейская Орда, Жангир хан, исламская культура, воспитание, казах, школа, образование.

E.S. Ayagan, V.A. Ospanova

#### «Zhangir school» — Class school of secondary education

The article deals with the foundation of first 2-class Russian-Kazakh school in the first part of 19th century in Kazakhstan, mainly in Bokei Orda, that natural sciences and humanitarian subjects are taught in this school content. In the process of school studies upbringing through teaching was worked out, it was assumed that the

process of upbringing was given on the basis of religious upbringing. It was distinguished clearly that this first 2 class Kazakh-Russian school of Zhangyr Khan was turned to «Zhangyr Khan school» when teaching basis and education programme were taught profoundly with the help of education policy of Russia directed to Kazakh people. That's why there're much information, facts and archival materials about BokeiOrda proving that it was secondary class school. And it was assumed that at this class school graduates who were taught had opportunity to continue their education in Russian Institutes and it was presumed that education policy of Zhangyr Khan was developed everywhere. Every used archival and from the museum materials were scientifically analyzed. This first classed school was studied of «Zhangir» normal school, and professional education was taught there. In addition, on the base of Islamic culture the religious upbringing was taught as the subject and religious humanity upbringing to pupils was considered, and historic materials were described.

*Keywords:* Kazakhstan, Bukey Horde, Zhanghir khan, Islam culture, Muslim schools, religious education, Kazakh ethnic education, schools in new tendency.

## References

- 1 RSHA. Fund 1291. Inventory I. Case 5. P. 85, 86.
- 2 Orenburg region. archive. Fund 6. Inventory 1. Case 1286. P. 7.
- 3 Orenburg region. archive. Fund 6. Inventory 1. Case 1286. P. 7.
- 4 Orenburg region. archive. Fund 6. Inventory 1. Case 2800. P. 1, 2
- 5 *Istoriia Bukeyevskoho khanstva (1801-1852 hh.) [History of Bukey Khanate (1801-1852 years)]*. (2002). Almaty: Dana-Press [in Russian].
- 6 RK OMA. Fund 78. Case 153. P. 10–12.
- 7 RK OMA. Fund 4. Case 391. P. 66.
- 8 RK OMA. Fund 78. Case 94. P. 22–24.
- 9 Zimanov, S.Z. (1982). *Rossii i Bukeyevskoe khanstvo [Russia and Bokey Khanate]*. Almaty: Nauka [in Russian].
- 10 Artykbaev, Zh.O. (1992). *Istoriia Kazakhstana v XIX veke [History of Kazakhstan in XIX century]*. Karaganda: Publ. KarHU [in Russian].
- 11 Zimanov, S.Z. (1960). *Politicheskii stroi Kazakhstana v XVIII veke [The political system of Kazakhstan in the XVIII century]*. Almaty: Akademizdat [in Russian].
- 12 Svod zakonov Rossii [Code of Russian laws]. Vol. 15. Saint Peterburgh, 1842. P.179 (RSHA. Fund 12.91. Inventory 81. Case 71. P. 37).
- 13 Halfin, N.A. (1974). *Rossii i khanstvo Srednei Azii [Russia and the central Asian Khanate]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Khanykov, Y.V. (1847). Ocherki sostoianii vnutrennei Kirhizskoi ordy v 1841 h. [Essays on the internal state of the Kirghiz hordes in 1841]. *Zapisi RPO – Records RPO*, 55–56. Saint Petersburg [in Russian].
- 15 RK OMA. Fund 75. Case 10. P. 29.
- 16 Levshin, A.I. (1996). *Opisanie kirhiz-kazachikh ili kirgiz-kaisakskikh ord i stepei [Description Kirghiz-Cossack or Kirghiz kaysak hordes and steppes]*. M.A. Kozybaev (Ed.). Almaty [in Russian].
- 17 Ostrovsky, E. (1859). Poezdka vo Vnutrenniuiu Kirhiz-Kaisatskuiu ordu s veterinarnoi tseliu [Trip into the inner-Kirghiz Kaisak horde with veterinary purpose]. *MVO – CVM*, 5, 76 [in Russian].